

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



ҚМГ-ның тұрақты даму аспектілерін басқару қағидаттары

ҚМГ өзінің 2022-2031 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясында тұрақты дамуды стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде белгіледі. Оның негізінде барлық бизнес-процесс пен шешім қабылдау процестері тұрақты даму қағидаттарымен бірігуі тиіс.

ҚМГ-ның тұрақты даму аспектілерін басқару саласы тұрақты дамудың мынадай қағидаттарын енгізуге негізделеді:



- **жариялық** - біз кездесу өткізіп, талқылауларға және диалог жасауға ашықпыз; мүдделі тараптармен екі-жақты мүддесін ескеріп, ұйым мен мүдделі тараптар арасындағы құқықтар мен балансты сақтауға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатуға ұмтыламыз;
- **есеп беру** - біз экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсер еткеніміз үшін есеп беруіміз керек екенін түсінеміз;
- **ашықтық** - шешімдеріміз бен іс-әрекеттеріміз мүдделі тараптар үшін айқын және ашық болуы тиіс;
- **этикалық тәртіп** - шешімдеріміз бен әрекеттеріміз өзара құрмет, әділдік, ашықтық, командалық рух пен сенім, адалдық пен ұждандалық сияқты құндылықтарға негізделген;
- **құрмет** - заңнамадан, қабылданған келісімшарттар барысында туындайтын немесе жанама түрде іскерлік өзара қарым-қатынас аясындағы мүдделі тараптардың құқықтары мен мүддесін құрметтейміз;
- **заңдылық** - қабылдаған шешімдеріміз, әрекеттеріміз бен тәртібіміз Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұйым органдарының шешімдеріне сай келеді;
- **адам құқықтарын сақтау** - біз Қазақстан Республикасының Конституциясында және халықаралық құжаттарда көзделген адам құқықтарын сақтаймыз және олардың сақталуына ықпал етеміз;
- **сыбайлас жемқорлықпен күресу** - барлық мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас кезінде сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне төзбеушілік қағидатын ұстанамыз;
- **мүдделер қақтығысына жол бермеу** - лауазымды тұлғаның немесе қызметкердің жеке мүддесі оның лауазымдық, функционалдық міндеттерін әділ орындауына ықпал етпеуі тиіс;
- **жеке мысал** - әрқайсымыз күн сайын өз іс-әрекеттеріміз, мінез-құлқымыз және қабылданған шешіміміз арқылы тұрақты даму қағидаттарын енгізуге ықпал етеміз; басқарушы позициялардағы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер өзінің жеке басының іс-әрекетімен тұрақты даму қағидаттарын енгізуді ынталандыруы тиіс.

